

Register your product and get support at

www.philips.com/welcome

AJ1000



Қысқаша пайдаланушы нұсқаулығы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Маңызды ақпарат	2
Қауіпсіздік	2
Ескерту	4

2 Сіздің радиосағатыңыз	5
Кіріспе	5
Қораптың құрамы	5
Негізгі құрылғыны шолу	6

3 Жұмысты бастау	8
Қуатты қосу	9
Сағат уақытын орнату	9

4 Радио тыңдау	10
Радио станцияға реттеу	10
Дыбыс деңгейін реттеу	10

5 Оятар таймерін орнату	11
Дабыл уақытын қою	11
Дабыл таймерін қосу	11
Дабыл уақытын көру	12
Дабылды қайталау	12
Дабыл шырылын тоқтату	12
Дабыл таймерін өшіру	12

6 Басқа мүмкіндіктер	13
Ұйқы таймерін орнату	13
Диплей жарықтығын реттеу	14

7 Өнім туралы ақпарат	14
Ерекшеліктер	14

8 Ақаулықтарды жою	15
---------------------------	-----------

1 Маңызды ақпарат

Қауіпсіздік

- ① Осы нұсқауларды оқыңыз.
- ② Осы нұсқауларды сақтап қойыңыз.
- ③ Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- ④ Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- ⑤ Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.
- ⑥ Тек құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- ⑦ Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- ⑧ Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- ⑨ Қуат сымының әсіресе штепсельдік ұштарын, электр розеткаларын және олардың құрылғыдан шығатын жерлерін басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- ⑩ Тек өндіруші көрсеткен қосымша/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- ⑪ Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, бұл құрылғыны ток көзінен ажыратыңыз.

- 12) Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғының қуат сымы немесе штепсельдік ұшы зақымдалған болса, оған су тиіп немесе үстіне заттар түсіп кеткен болса, аппаратқа жаңбыр немесе ылғал заттар тисе, ол дұрыс жұмыс істемей тұрса немесе құлап қалған және тағы да басқаша зақымдалған болса, қызмет көрсетуді қажет етеді.
- 13) Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- 14) Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- 15) Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
- Бұл құрылғыдағы лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.
- Бұл құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымына, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

Ескерту

Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай. WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.



Қайта өңдеу

Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Өнімде үсті сызылған дөңгелекті қоқыс жәшігінің белгісі болса, өнім Еуропалық 2002/96/ЕС директивасына кіретінін білдіреді.



Өнімді еш уақытта басқа тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз. Электр және электрондық өнімдердің бөлек жиналуы туралы жергілікті ережелермен танысыңыз. Ескі өнімді қоқысқа дұрыс әдіспен тастау арқылы қоршаған ортаны және адам денсаулығын сақтап қалуға болады.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы

біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

2 Сіздің радиосағатыңыз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Кіріспе

Бұл сағат радиомен:


- FM радиосын тыңдауға
- уақытты білуге
- шырылға немесе таңдаулы радио үнімен оянуға
- әр түрлі уақытта екі дабыл орнатуға болады.

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Негізгі құрылғы (қуат адаптері жалғанған)
- Пайдаланушы нұсқаулығы
- Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығы

Негізгі құрылғыны шолу



- ① **TUNING**
 - Радио станцияға реттеу.
- ② **REPEAT ALARM/SLEEP OFF**
 - Дабылды қайталаңыз.
 - Ұйқы таймерін өшіріңіз.
- ③ **SLEEP**
 - Ұйқы таймерін орнатыңыз.
- ④ **+/-**
 - Сағаттың, дабыл таймерінің және ұйқы таймерінің уақыттарын реттеңіз.
- ⑤ **AL1, AL2**
 - **RADIO**: ағымдағы радиостансаны дабыл үні етіп орнату.
 - **BUZ**: шырылды дабыл үні етіп орнату.
 - **OFF**: дабыл таймерін өшіру.
- ⑥ **VOL**
 - Радионың дыбыс деңгейін дұрыстаңыз.
- ⑦ **Дисплейлі панель**
- ⑧ **AL RESET**
 - Дабылды тоқтатыңыз.
- ⑨ **RADIO ON/OFF**
 - Радионы қосыңыз не өшіріңіз.
- ⑩ **BRIGHTNESS CONTROL**
 - Дисплейдің жарықтығын реттеңіз.

- ⑪ **Сағатты басқару**
 - **SET TIME:** сағат уақытын реттеуді іске қосу.
 - **SET AL1/AL2:** дабыл уақытын реттеуді іске қосу; қойылған дабыл уақытын көрсету.
 - **CLOCK:** сағат уақытын көрсету.
- ⑫ **FM ANT**
 - Тіркелген FM радио антеннасы.

3 Жұмысты бастау



Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Қуатты қосу



Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі құрылғының артқы жағында немесе астында көрсетілген кернеуге сәйкес екенін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Айнымалы ток шнурын ажыратқанда, ашаны әрқашан розеткадан суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.
- Айнымалы ток шнурын жалғардың алдында, басқаларының барлығын жалғап болғанына көз жеткізіңіз.

- 1 Қуат адаптерін розеткаға қосыңыз.

Сағат уақытын орнату

- 1 **Clock Control** (Сағат басқару) функциясына **SET TIME** мәнін қойыңыз.
- 2 Уақытты қою үшін **+/-** түймесін басыңыз (24 сағаттық жүйе).
- 3 **Clock Control** (Сағат басқару) функциясына **CLOCK** мәнін қойыңыз.



- Уақыт сандарын жылдам арттыру үшін **+** түймесін басып тұрыңыз.
- Уақыт сандарын біртіндеп төмендету үшін **-** түймесін басыңыз.

4 Радио тыңдау

Радио станцияға реттеу

- 1 Радионы қосу үшін **RADIO ON/OFF** түймесін басыңыз.
- 2 Радиостансаны баптау үшін **TUNING** ақырын реттеңіз.
 - Радионы өшіру үшін **RADIO ON/OFF** түймесін қайтадан басыңыз.

Дыбыс деңгейін реттеу

- 1 **VOL** тұтқасын сағат тілімен немесе сағат тіліне қарсы бұраңыз.

5 Оятар таймерін орнату

Дабыл уақытын қою

Екі бөлек дабылды орнатуға болады. Дабыл үні үшін шырылды немесе FM радиосын таңдауға болады.



Ескертпе

- Іске қоспастан бұрын уақыттың дұрыс қойылғанын тексеріңіз.

- 1 **Clock Control** (Сағат басқару) функциясын **AL1** не **AL2** (**SET AL1/AL2** құрылғысында) жағын қойыңыз.
- 2 Дабыл уақытын қою үшін **+/-** түймесін басыңыз.
- 3 **Clock Control** (Сағат басқару) функциясына **CLOCK** мәнін қойыңыз.

Дабыл таймерін қосу





Ескертпе

- Дабыл уақытының сәтті қойылғанына көз жеткізіңіз.

- 1 **AL1/AL2** функциясын **BUZ** не **RADIO** күйіне ауыстырыңыз.
 - ↳ / пайда болады.
 - ↳ Шырыл немесе FM радиосы дабыл үніне қойылады.

Дабыл уақытын көру

- 1 Clock Control (Сағат басқару) функциясын **AL1** не **AL2** (**SET AL1/AL2** құрылғысында) жағын қойыңыз.
 - ↳  не  пайда болады.
 - ↳ Сақтаулы дабыл уақыты көрсетіледі.


Дабылды қайталау

- 1 Дабыл шылдырлағанда **REPEAT ALARM/SLEEP OFF** түймесін басыңыз.
 - ↳ Дабыл 7 минуттан кейін қайталап шырылдайды.

Дабыл шырылын тоқтату

- 1 Дабыл шылдырлағанда **AL RESET** түймесін басыңыз.
 - ↳ Дабыл тоқтайды, бірақ дабыл параметрлері қалады.

Дабыл таймерін өшіру

- 1 **AL1/AL2** функциясын **OFF** күйіне ауыстырыңыз.
 - ↳  /  өшіп қалады.

6 Басқа мүмкіндіктер

Ұйқы таймерін орнату

Сағат радионы белгілі бір уақыттан (0-59 минут) кейін автоматты түрде өшетін етіп қоюға болады.



Ескертпе

- Реттеуден бұрын **Clock Control** (Сағат басқару) функциясының **CLOCK** күйіне қойылғанына және радионың өшірілгеніне көз жеткізіңіз.

- 1 **SLEEP** түймесін басып тұрыңыз.
 - ↳ Уақыт сандары **0:59** мәнінен **0:00** мәніне қарай кемиді.
 - ↳ Радио қосылады.
- 2 Уақытты дұрыстау үшін **+/-** түймесін қайталап басыңыз.
- 3 Қажетті уақыт сандары көрсетілгенде **SLEEP** түймесін жіберіңіз.

Ұйқы таймерін өшіру үшін:

- 1 **REPEAT ALARM/SLEEP OFF** түймесін басыңыз.

Диплей жарықтығын реттеу

- 1 BRIGHTNESS CONTROL функциясын HI не LO күйіне ауыстырыңыз.
- HI: жоғары жарықтық деңгейі үшін
 - LO: төмен жарықтық деңгейі үшін

7 Өнім туралы ақпарат



Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Тюнер (FM)

Реттеу ауқымы	87,5 - 108 МГц
---------------	----------------

Сезімталдық - Моно, 26 дБ С/Ш қатынасы	<22 дБф
---	---------

Гармоникалық мазмұн	< 3%
---------------------	------

Шу коэффициентіне сигнал	> 50 дБ
--------------------------	---------

Жалпы ақпарат

АТ қуаты	Кіріс: 100 - 240 В~, 50/60 Гц 150 мА Шығыс: 5 В ТТ, 500 мА
Жұмыс үшін қуат тұтынуы	3 Вт
Мөлшері	
- Негізгі құрылғы (Е x Б x Қ)	185 x 85 x 52 мм
Салмағы	
- Негізгі құрылғы	0,37 кг

8 Ақаулықтарды жою



Ескерту

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз.

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде проблемалар орын алса, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер проблема шешілмесе, веб-торабына (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында екеніне және модель нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұрғанына көз жеткізіңіз.

Қуат жоқ

- Қуат сымы дұрыстап қосылғанына көз жеткізіңіз.
- АТ розеткасында қуат барына көз жеткізіңіз.

Дыбыс жоқ

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.

Құрылғыдан жауап жоқ

- Айнымалы ток қуат штепселін ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін жүйені қайтадан қосыңыз.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Құрылғы мен теледидар немесе бейнемагнитофон арасындағы қашықтықты көбейтіңіз.
- Антеннаны толығымен ұзартыңыз.
- Оның орнына сыртқы антеннаны жалғаңыз.

Таймер істемейді

- Сағатты дұрыс орнатыңыз.
- Таймерді қосыңыз.

Сағат/таймер параметрін өшірілген

- Қуат үзілген немесе қуат ашасы ажыратылған.
- Сағатты/таймерді қалпына келтіріңіз.



2013 © WOOX Innovations Limited.

All rights reserved.

This product was brought to the market by WOOX Innovations Limited or one of its affiliates, further referred to in this document as WOOX Innovations, and is the manufacturer of the product. WOOX Innovations is the warrantor in relation to the product with which this booklet was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

AJ1000_12_UM_V4.1

